ғылыми кеңесші, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор Абдилова Галия Бекеновнаның
8D07101 - «Технологиялық машиналар мен жабдықтар»
білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған
Баядилова Асыл Аргынгазыевнаның
«Жүзім қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алу режимдерін әзірлеу негізінде экстракциялау қондырғысының тиімділігін арттыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Баядилова Асыл Арғынғазықызының диссертациялық жұмысы тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі үшін маңызды міндетті - шарап және шырын өндірістерінің екіншілік ресурстарынан құнды биоактивті компоненттерді бөліп алу тиімділігін арттыруды шешуге арналған. Тақырыптың өзектілігі екіншілік өсімдік шикізатын неғұрлым толық пайдалану және нәтижелі экстракцияны қамтамасыз ететін технологиялық шешімдерді әзірлеу қажеттілігімен айқындалады. Зерттеуде бұл мәселелер молекулалық сутекті үдерістің қосымша факторы ретінде пайдалану арқылы жүзім қабығына қатысты қарастырылған.

Диссертацияны дайындау барысында докторант әдеби және техникалық дереккөздерді талдаудан бастап ұсынылған тәсілді эксперименттік тексеруге дейінгі жұмыстарды жүйелі түрде жүргізген. Экстракцияның заманауи әдістері, жүзім шикізатындағы полифенолдық қосылыстардың ерекшеліктері және процесті аппараттық аппараттық қамтамасыз ету қағидалары қарастырылған.

Диссертацияда герметикалық жұмыс камерасы және молекулалық сутекпен қамтамасыз ету жүйесімен жабдықталған экстракциялау қондырғыны жетілдіру маңызды орын алады. Бұл техникалық шешім зерттеулерді белгіленген жағдайларда жүргізуге, газ ортасының қысымын өзгертуге және өзара салыстырылатын нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Эксперименттік зерттеулер бағдарламасы молекулалық сутек қысымының, температураның және экстракция ұзақтығының әсерін қамтиды. Нәтижелерді бағалау үшін фенолдық қосылыстардың, флавоноидтардың, мономерлік антоциандардың жалпы мөлшері және антиоксиданттық белсенділік көрсеткіштері пайдаланылған.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы экстракциялық жабдықты дайындау және сынау, оның жұмыс параметрлерін негіздеу және техникалық-экономикалық сипаттамаларын қарастыру арқылы ашылған. Өнімділікке, шығындарға және аппараттық шешімді одан әрі дамыту мүмкіндіктеріне есептік

бағалар берілген. Зерттеу BR24992914 «Лигноцеллюлозалық қосалқы өнімдердің құндылығын арттыруға бағытталған құны жоғарылатылған өнімдерді өндірудің кешенді биотехнологиялық шешімдері» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында орындалғанымен, өзіндік дербес мақсаты мен жеке ғылыми нәтижелерінің жиынтығына ие.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері ғылыми еңбектерде және ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланып, патенттік құжаттарда ұсынылған. Бұл олардың ғылыми апробациядан өткенін және практикалық маңыздылығын растайды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында және ғылыми-зерттеулер жүргізу кезінде Баядилова Асыл Аргынгазыевна «Жүзім қалдықтарынан құнды компоненттерді бөліп алу режимдерін әзірлеу негізінде экстракциялау қондырғысының тиімділігін арттыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық көлемде орындады және 8D07101 - «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» білім беру бағдарламасы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
«Шәкәрім университеті» КеАҚ
«Биоинженерлік жүйелер» кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары,
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ «Шәкәрім университеті» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУ БӨЛІМІ

Г.Б.Абдилова
қолын растаймын
«16» 09 2026 ж.